

**«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МҚҚҚ**

**«От-біздің досымыз, от-біздің жауымыз»  
тақырыбында қауіпсіздік ойын-сауық іс-шаралары**

Тәрбиешілер: Нургалиева А.К Абдыкова А.Т  
Аябергенова А.Т Оразова М.Н

**2024 ж**

### **Тақырыбы: «От-біздің досымыз, от- біздің жауымыз»**

**Мақсаты:** Балаларға өрттің қаншалықты қауіпті екендігі туралы түсіндіру, оттың тілсіз жау екенін ұқтыру. Өрттен, оттан сақтану жолдарын өт өшіретін құралды пайдалануды, адам өміріне өрттің зиянды екенін біле отырып сіріңкені, тұрмыстық-техникалық заттарды пайдалану қауіпсіздік ережелерін айтып үйрету. Балаларды өрттің алдын алуға ынталандыру, қоршаған ортанды қорғауға тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** Өрт сөндіру құралдары, суреттер  
**Барысы:**

Балалар шеңбер бойына тұрып, шаттық шеңберін орындаиды.

Біз балдырған баламыз,

Біз әдепті боламыз.

Досымызды көргенде,

Біз қуанып қаламыз.

**Тәрбиеші:** От өмірімізге қуат беріп, бойымызды жылтытады. От – өмір сәні. Отсыз тіршілік жоқ. От жағылмаса, тамағымызда піспейді, үйімізде жылымайды. Ал тамақ ішпесек бойымызға қуат бітпейді. Бойымызда қуат болмаса өмірге деген қызығушылығымыз жоғалады. Сонымен от – өміріміз десек те, оның әлемі жайлап алапаттың бірі – өрт қаупін шығаратынын да естен шығармағанымыз жөн. Өзіміздің ұқыпсыздығымыздан немесе байқампаздығымыздан кейде өрттің қалай күш алып кеткенін де байқамай қаламыз.

Олай болса, бәріміз экранға назар аударайық.

**Сахнада:** Үй. Көнілді музыка ыргагымен Сайқымазақ үйдің қасына келеді.

**Сайқымазақ:** Көнілім түсіп тұрғаны. Не бұлдірсем екен (қолындағы сөмкесін сілкілейді де, сіріңкенің дауысын құлағы шалып қалады) О, о! Менің сөмкемде сіріңке бар екен ғой, қалай байқамағанмын? (сіріңкені бір - бірден жаға бастайды) Осы кезде шуды естіп қоян үйден шығады.

**Қоян:** Ой, сайқымазақ, сен мұнда не істеп жүрсің?

**Сайқымазақ:** Ой, корқытып жібердің ғой. Не болды сонша айқайлап. Мен бар болғаны сіріңкені жағып ойнадым ғой. Ал сен болсаң мен үлкен өрт шығарғандай айқалайсың?

**Қоян:** Қайdan білесің, мен сені тоқтатпағанда, бұл ойының үлкен өртке ұласар ма еді? "Ойыннан от шығар" деген мақалды естімеген бе едің?

Сайқымазақ: Койшы сен де, бір сіріңкеден қандай өрт шығар дейсің?

**Қоян:**(Сіріңке қорабын қолына ұстап)

Балалар - ау, балалар, сіріңкеге қараңдар!

Өзі кішкентай болса да,

Бойында алып күші бар.

Сіріңкемен ойнасак,

Абайсызда өрт шығар,

Соны есте сақтаңдар!

**Сайқымазақ:** О, мен енді түсіндім. Сіріңкенің мұндай тентек екенін бұрын

білмеппін.

**Тәрбиеші:** - Сәлеметсіздер ме, сайқымазақ, қоян! Сіріңкемен ойнауга болмайды. Қоян дұрыс айтады, біздер өрт қауіпсіздігі ережелерімізді жақсы білуіміз керек. Олай болса, сайқымазақ, қоян, балалар мен сендермен «Қателеспе» деген ойын ойнағым келеді.

**Ойынның шарты:** отта жанатын заттарды айтқанда қолды жоғары көтереміз, отта жанбайтын заттар айтылғанда қолымыз төменде болуы шарт.

**Сөздер:** қағаз, терезе, жапқыш, дәптер, киімдер, жиһаздар, шөптер, бензин, жапырақтар, ағаштар, кітаптар, шеге, әйнек, қасық, металл, мұз, қар, тас, су.

**Тәрбиеші:** Біздің бүгінгі қонағымыз: Гүлнара Рауельқызы сіздерді өрт қауіпсіздік ережелерімен таныстырып, ақыл кеңесін береді. Сондыктан мұқият тыңдаймыз.(Келген қонақ, өрт қауіпсіздігі жайлы мағлұмат береді)

**Тәрбиеші:** Балалар сіздің ақыл кеңесінізден нәтиже береді деген сенімдеміз. Келіп балалармен тамаша ой бөліскенізге көп - көп раҳмет айтамыз. Келген қонағымызға балалар сау болыныз айтайық!

**Ойын:** «Кім шапшаң?»

**Ойын шарты:** Берілген сұрақтарға жылдам жауап беру керек.

- Өрт сөндіретін адамды қалай атайды? (өрт сөндіруші)
- Өрт сөндірушінің адамдарға қандай көмегі бар? (олар үйдегі, ормандағы өрттерді сөндіреді)
- Олардың жұмысы қандай? (адамдарға қажет, өте ауыр, қыын)
- Өрт сөндірушілер қандай болу керек? (батыл, өжет, шапшаң, епті)
- Олар неге батыл, шапшаң болу керек? (өйткені өрт кезінде адамдарды, құтқарады)
- Өрт болған кезде қандай нөмерге телефон шалу керек? (101)
- Өрт сөндірушіге телефон шалған кезде қандай мағлұматтар беру керек? (не болғанын, мекен – жайын айту).

**Қимылды ойын:** «От пен су»

- **Ойынның шарты:** Балалар екі топқа бөлінеді. Бірі қызыл лентаны тағып, от болып қашады. Ал көк лента таққан балалар су болып қуалайды. Ойын 2-3 рет қайталанады.

**Тәрбиеші:** Балалар естерінде болсын, өрт кездейсоқ шықпайды, ол дұрыс пайдаланбағаннан болады. Бүгін сендер оттың дос та, жауымыз да бола алатынына көз жеткіздіңдер. Естерінде болсын: «Отпен ойнама, күйерсің», «Өрт – тілсіз жау».



